

“Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі”
Әл – Фараби

ҚР сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:

жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы;

сынып ұжымының бірлескен іс- шараларын ұйымдастырушы

оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне түзетулер жасаушы;


Бала тәрбиесі

бесіктен

Бүгінгі мұғалімге қойылатын басты талап – ол тәрбие үрдісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, алдына қойған мақсатына жетуіне, яғни оның алдағы өмірінде табысқа жеткізетін қасиеттерді бойында қалыптастыру

Ұстаз болам десеңіз.

Сынып жетекші болам десеңіз...



Жаңашыл сынып жетекшісінің моделі



Құрастыра білуге тиіс

Меңгеруге міндетті

Игеруге міндетті

Анық білуге міндетті

Таныс болуға міндетті

Кәсіби біліктілігі

Жеке бас қасиеттері

Шеберлігі

Нәтижелілігі

Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал

артық.



Білімді

Отаншыл

Ойшыл

Дені сау

Әдепті

Еңбек сүйгіш

**ЖЕКЕ
ТҰЛҒА**

**Жан-жақты дамыған,
дені сау, тәні таза
тұлға**

**Мейірімді,
шыншыл**


*Рухани-
адамгершілік,
имандылық
тәрбиесі*

**Дене, еңбек
тәрбиесі**

**Ақыл-ой
тәрбиесі**

**Экологиялық,
құқықтық
тәрбиесі**

**Сұлулық,
эстетикалық
тәрбиесі**



Әдеп басы –
тіл.

Тәрбие басы — тал
бесік.

Тақырыбы: *Мен Отанымды көркейтемін*

Мақсаты: Туған жер, атамекен, Отанға сүйіспеншілік пен құрметті сезінуге баулу.

Көрнекілігі: Ұлағатты сөздер, суреттер, “ДаНүКа” балалар журналы, ұсынылатын тірек сызбалар

Әдісі: сұрақ – жауап, топпен жұмыс

Кіріспе:

Мұғалім:Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Мен Отанымды көркейтемін» деп аталады. Отан жайлы білетіндерімізді толықтырып, біздің Отанымыздың өркендеуіне, оны қорғауға үлес қосуымыз керек екені туралы айтамыз.

Негізгі бөлім.

Ой қозғау. Тақтамен жұмыс.

Мұғалім: -“Отан” сөзін қалай түсінесіңдер?
(оқушылар өз ойларын тақтаға жазады, дәлелдейді)

ОТАН

Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының рәміздері
Атамекен, туған жеріміз
Жанұямыз
Біздің мектеп
Сынып ұжымы
Табиғаты, байлығы

Мұғалім: Балалар, кім Отан жайлы өлең, тақпақ айтып береді? (оқушылар білетін өлең, тақпақтарын айтып береді)

Басылым бетімен жұмыс. (2004 жыл, №1 «ДаНүКа» балалар журналына көңіл бөлейік. «Қазақстан біздің үлкен үйіміз» атты әңгімені оқып талдау үшін балалар 3 топқа бөлінеді.

I топ. Қазақстанның жер көлемі...

II топ. Қазақстан Республикасының халқы...

III топ. Менің мемлекетім – бай мемлекет...

(әр топ мұғалім пікірін жалғастыра отырып, өз ойларын ортаға салады)

Мұғалім: Балалар, сендердің әңгімелеріңнен Отанға деген сүйіспеншіліктеріңді байқап отырмын.

Енді Отанымыздың бұдан да көркейіп, гүлденуіне қандай үлес қосар едіңдер?

(әрбір топ алдарында жатқан сызба параққа өз ойларын түсіріп, оны қорғайды)

Ой түйіндеу.


Көрініс. Б. Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» ертегісі бойынша.

- Балалар табиғатты қорғауға байланысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер?

Оқушы: Ағынды суды ластама.

•Суға түкірме.

•Орманды жерде от жақпа.

- 
- Түрлі қалдықтарды тастама.
 - Құстарды атпа.
 - Ағаштарды сындырма. т.с.с

Мұғалім: Балалар сендер Отан туралы білімдеріңді көрсеттіңдер. Отанға деген сүйіспеншіліктеріңді байқаттыңдар. Отанымызды көркейтуге әр баланың қосар үлесінің бар екенін ұмытпаңдар.

Қорытынды: «Ел болашағы балдырғандар. көзімен» сурет көрмесін ұйымдастыру, марапаттау.

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі

Ыбырай Алтынсарин



Тақырыбы: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Мақсаты: Оқушыларды кішіпейілділікке , үлкенді сыйлауға, көмектесуге үйрету, адамгершілік қасиетті бойларына дарытып, ата-анасына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі:Түрлі-түсті суреттер, нақыл сөздер.

Әдісі: ауызша баяндау, сұрақ-жауап.

Мұғалім: Бүгінгі заман адамы сегіз қырлы бір сырлы болып өсуі қажет.Оның ең бастысы адамгершілік. Ата-ананың тілегі-сенің жақсы адам азамат болуың.Сенің еңбек сүйгіштігің оқу мен еңбектегі табыстарың ата-ана үшін шексіз бақыт. Ата-ана алдында шыншыл болып, өзіңнен үлкеннің ақыл- кеңесін тыңдау керек. Бойында осындай қасиеттері бар баланы қандай бала дейміз? (Оқушылар өз ойларын айтады.)

Мұғалім: - Тәртіптілік ең алдымен мектеп ережесін қатаң сақтаудан басталады. Егер сен бала кезіңнен тәртіпті, әдепті бала болып өссең есейе келе ата-анаңның, отаныңның мақтанышы боласың.

Ұлы Абай атамыз:

Әсемпаз болма әрнеге ,

Өнерпаз болсаң әрқалан.

Сенде бір кірпіш дүниеге ,

Кетігін тапта бар қалан. – дегендей, сендерді ғажайып болашаққа шақырған.

Мұғалім:- Ал, енді қандай нәрсені жаман деп түсінесіңдер? (балалар өз ойлерын айтады.)

Оқушы: Біз қандай да бір көңілімізге ұнаған жақсы нәрсені әдемі дейміз.Әдептілік туралы айтқан сөздердің барлығы жақсы қасиеттер.Ендеше әдептілік те әдемілік екен.

Сәлемдесе білу де мәдениеттілік белгісі.Көшеде,мектепте,үйде таныс адамдар,үлкен кісілер кездесе не деу керек?

Оқушы:-Үлкен кісі қолындағы заттарды көтере алмай келе жатса,оған қандай көмек көрсетуіміз керек?

Оқушы:- Байқаусызда біреуді қағып кетсең, не ағат сөз айтсаңыз, не деу керек?

Оқушы:Апаң сенің базардан,

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін жақсысын,

Саған таңдап әперді.

Не деп барып жеу керек?

Оқушы:Әжең сенің үстелге ,

Қант, кәмпит қойды мол.

Жұрттан бұрын ыдысқа,

Өз бетіңмен салдың қол.

Жөн еді не айтқаның?

А. Асылбековтың «Әдептілік әліппесі» өлеңін кезекпен айту.

Мұғалім:Жалпы қазақ халқының қандай тәрбиесі болмасын, үлкенді сыйлаудан

бастау алады. Салт –дәстүр, өнеге ретінде қазақтың қанына сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа


жалшғасып келген. Қазақ халқының амандасу салты – мазмұны жағынан өте бай , ол

жастарды

кішіпейілділікке, сыйласымдылыққа баулитын ата дәстүр.

Сонымен балалар жақсы қасиеттер туралы тағыда ойларымызды тұжырымдайық

Қорытынды:(оқушылар жақсы және жаманның не екенін кезектесіп айтады).



Дамыған 50 елдің қатарына кіру
үшін бәсекеге қабілетті жеке
тұлғаны жан-жақты
қалыптастыруда сапалы білім,
саналы тәрбие беруіміз қажет.